



Қазақстан мен Өзбекстан Парламенттері спикерлеріне отандық ЖИ жобалары көрсетілді

Қазақстан Парламенті Мәжілісі депутаттары мен Өзбекстан Олий Мажлисі Заң шығару палатасының делегациясы Алматы қаласындағы «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына барды.

Ерлан Қошанов пен Нуриддин Исмоилов бастаған депутаттар орталықтың ғылыми жобаларымен, сондай-ақ «Astana Hub» базасында жүзеге асырылып жатқан жасанды интеллект саласындағы алма-тылық стартаптармен танысты.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысы аясында қос елдің депутаттары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёевтің ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект саласын дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыруда күш біріктіру мәселесіне ерекше назар аударды.

Осыған байланысты Парламент делегациялары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы «Farabi Hub» базасында жүзеге асырылып жатқан жобалармен танысты. Депутаттарға «Farabi Robotics» өндірістік робототехника құзыреттер орталығының жобалары таныстырылды. Солардың бірі-жерасты шахталарын тексеруге арналған робот-ит. Ғылыми жобалардан бөлек, орталық өндірістік кәсіпорындарға арналған роботтарды құрастыру, баптау және жаңғырту бойынша кадрлар дайындайды. Сондай-ақ мұнда өндірісте кеңінен қолдану үшін жаңа материалдарды 3D форматта басып шығару жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар қонақтар

Astana Hub экожүйесіне қатысушылардың жасанды интеллект саласындағы бірқатар табысты стартап-жобасымен танысты. Мысалы: Codiplay (балалар мен жасөспірімдерге цифрлық дағдыларды үйретуге арналған экожүйе), Peeper (жасанды интеллект негізіндегі онлайн-сатылым менеджерін құру жүйесі), AI-DENTIS (жасанды интеллект арқылы адамның тіс қисаюын диагностикалау), Dereknets және NeuronOil (мұнай-газ кен орындарының цифрлық сыңарларын жасап, мұнай, газ және басқа компоненттерді өндіруді алдын ала болжауға мүмкіндік беретін жүйелер). Барлық стартап қазірдің өзінде өндіріске өндіру кезеңіне жеткен, кейбірі шетелде де қолданылуда.

Сондай-ақ депутаттарға «Farabi Hub» орталығының зертханаларында алынған мұнай-химия, медицина, бақылау-өлшеу есептеулері және басқа салалардағы ғылыми зерттеу нәтижелері көрсетілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің даму перспективалары мен суперкомпьютерлік кластерді енгізу жұмысы туралы баяндап берді. Бұл кластердің мүмкіндіктері университет ғалымдарының ғылыми жобалары мен тәжірибелерінде кеңінен пайдаланылып жатқанын атап өтті.

«Astana Hub» бас директоры Мағжан Мәдиев стартаптарды қолдау орталығының экожүйесін таныстырып, Халықаралық жасанды интеллект орталығын құру жоспарымен бөлісті. Бұл жобаның мақсаты-жасанды интеллектті зерттеу мен түрлі салаларда қолдануды қамтамасыз ететін тұтас инфрақұрылым құру.



Қасым-Жомарт Тоқаев Джорджа Мелонимен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Министрлер Кеңесінің төрағасы Джорджа Мелонимен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Жиынға екі ел делегациялары қатысты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Италия стратегиялық серіктес екенін атап өтті. Қос елдің қарым-қатынасы өзара құрметке, сенім мен ортақ мүддеге негізделген.

Президент мемлекеттер арасында тығыз саяси диалог орнап, берік экономикалық ынтымақтастық дамып келе жатқанын жеткізді. Сонымен қатар мәдени-гуманитарлық байланыс беки түскеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Италияның Орталық Азиядағы жетекші серіктесі, ал Италия еліміздің сауда әріптестерінің үштігіне енетін және ірі инвесторларының бірі екенін айтты. Елдер арасындағы тауар айналымы 24 пайызға артып, өткен жылы 20 миллиард долларға жетті.

«Сіздің басшылығыңызбен Италия Үкіметінің Қазақстанмен арадағы тығыз қарым-қатынастарды сауда және ин-

вестиция салаларында ғана емес, парламентаралық ықпалдастық бағытында дамытуға ымытылысын жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ екіжақты гуманитарлық ықпалдастыққа да шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің бұл сапарыңыздың екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беру тұрғысынан маңызы зор. Халықаралық аренада Қазақстан мен Италияның байланыстары сенімді әрі стратегиялық серіктес сипатында жалғаса береді деп сенемін», - деді Мемлекет басшысы.

Президент соңғы жиырма жылда Италия Қазақстан экономикасына 7,6 миллиард долларға дейін инвестиция құйғанын атап өтті. Сондай-ақ Қазақстанда ENI, SDF Group, PetroValves, Maire Tecnimont және Ballestra секілді ірі инвесторлар бастаған 270-ке жуық италиялық компания табысты жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

Джорджа Мелони екі ел арасындағы ықпалдастықты жоғары бағалап, оның стратегиялық серіктестік рухына сай келетінін айтты.

«Сізді көреген көшбасшылардың бірі санаймын. Қазіргі сын-қатерлерді терең түсінетін адаммен әңгімелесу мен үшін өте құнды. Осынау қиын кезеңде жақсы жаңалықтар да бар. Соның бірі-Италия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас. Біздің байланыстарымыздың деңгейі жоғары. Мұны бұған дейін бірнеше рет атап өттік. Дегенмен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік жеткілікті. Менің сапарымның мақсаты да осы. Сіздің еліңіздің Батыс пен Шығысты байланыстырып жатқан алтын көпір ретіндегі тарихи мәнін жақсы білеміз», деді Италия Премьер-министрі.

Келіссөз барысында екіжақты күн тәртібінің негізгі бағыттарын қамтитын көптеген мәселе талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джорджа Мелони Қазақстан мен Италияның қарым-қатынасын қарқынды дамытуға ықпал ететін серіктестікті одан әр жандандырып, жаңа бастамаларды жүзеге асыруға мүдделі екендерін растады.

Жыл басынан бері мүгедектігі мен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге республикалық бюджеттен 217,4 млрд теңге жұмсалды. Бұдан бөлек, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен, асыраушысынан айырылғандарға 29,6 млрд теңге сомасында әлеуметтік төлем аударылды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, 2025 жылғы 1 мамырда жәрдемақы алушылар саны 540,4 мың адам болса, бұған қоса асыраушысынан айырылған 196,7 мың адамға төлем берілген.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері мүгедектіктің тобына, сырқатының себебіне қарай белгіленеді. Қаржы «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасына байланысты болады.

Асыраушысынан айырылу жағдайында мемлекеттік әлеуметтік жәрде-

Әлеуметтік көмектің көлемі артты



мақылардың мөлшері қайтыс болған асыраушының қамқорлығындағы адамдардың санына, қайтыс болу себептеріне, ең төмен күнкөріс деңгейіне қатысты.

Бұдан басқа, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда төлем аударылады. Биыл 91,7 мың адам еңбек ету қабілетінен айырылғандықтан әлеуметтік төлем алған. 63,5 мыңға жуық отбасына асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем берілген.

Төлемдердің мөлшері кейінгі 2 жылдағы МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табыс, еңбекке қабілеттілігінен айырылу коэффициенттері, асырауындағы адамдар саны, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі мен табысты ауыстыруына қарай белгіленеді.

Бұл төлемдер республикалық бюджеттен төленетін ұқсас жәрдемақыларға қосымша беріледі. Мүгедектігі мен асыраушысынан ай-

ырылу жағдайында мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері көбейді. Биылғы 1 қаңтардан бастап ең төмен күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты 6,5%-ға өсті. Үкіметтің шешімімен еңбекке қабілеттілігінен, асыраушысынан айырылғанда МӘСҚ-дан берілетін төлемдердің мөлшері де 6,5%-ға артты.

Мәселен, биыл аурудан мүгедектігі бойынша МӘЖ мөлшері 1-топ үшін – 101 702, 2-топ үшін – 81 362, 3-топ үшін – 55 474 теңгеге жетті. Еңбекке қабілеттілігінен айырылғандарға әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері 70 124 теңге болса, асыраушысынан айырылғандарға 72 524 теңге көлемінде қаражат аударылады.

«Қазыналы Қаратаудың дәстүрлі ән-жыр, терме, күй орындаушылық мектебінің ерекшеліктері» атты аудандық семинар ұйымдастырылды. Дәстүрлі әншілік өнер ән-жыр, терме айтылуы және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты, Арқа, Жетісу мектебі сияқты түрлі мектептерге бөлінуі ол заңдылық. Әр мектептің ұстаған бағыты, айту ерекшеліктері әр түрлі. Ал Қаратау күйшілік мектебі дегенде домбырашылық пен



дама жасады. Күйші, ұстаз, Республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы, Республикалық «Алтыбақан», «Күй керуені» фестивалдерінің жеңімпазы, «Алтын домбыра» номинациясының иегері шертпе күйдің шебері, «Қаратау» күйшілік мектебін насихаттаушы Ерғали Жүзбаев «Ұлттық аспаптар оркестрі ансамбльдерін ұйымдастыру мәселелері» туралы баяндама жасады. Республикалық, облыстық байқаулардың же-

Мәні мен мағынасы терең семинар

қобызшылық өнер қатар қанат жайған Созақ жері бірден ауызға оралады. Семинардың мақсаты «Қазыналы Қаратаудың дәстүрлі ән-жыр, терме, күй орындаушылық мектебінің ерекшеліктері» туралы ауданға белгілі Республика көлемінде өткен байқауларда олжа салып Созақ елінің өнеріне үлес қосып, бүгінде шәкірт тәрбиелеп жүрген өнер майталмандарының ойымен бөлісіп кеңес сабақ алу. Семинарды аудан әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Нұрғайша Балабекова ашып берді. «Дәстүрлі ән өнері

арқылы балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру» туралы баяндама жасаған Республикалық Әміре Қашаубаев атындағы байқаудың лауреаты, Созақ өңірінде дәстүрлі ән мектебін қалыптастырып шәкірттер тәрбиелеп жүрген ұстаз, дәстүрлі әнші, ауданның «Құрметті азаматы» Кенжебай Шал өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Республикалық Шәмші әндерінің дипломанты, Республикалық Әміре Қашаубаев атындағы конкурсының екінші орын иегері Сәуле Аппазова «Дәстүрлі ән орындаушының жас буынға үйрету тәсілдері» жайлы баян-

ңімпазы «Ең үздік мұғалім» медалінің иегері Назерке Асқарова «Домбыра аспабын үйренудің әдіс тәсілдері» жайында баяндама жасады. Қортынды сөзге «Мыңжылқы» мәдениет сарайының клубтар жөніндегі әдіскері Нұрсауле Еспаева «Құрметті семинарға қатысушылар «Қазыналы Қаратаудың дәстүрлі ән-жыр, терме, күй орындаушылық мектебінің ерекшеліктері» туралы аудандық семинардан біраз құндылықтарды ойларыңызға түйді деген ойдамыз. Елдің мәдениетін көтеруде еткен еңбектеріңіз жемісті болсын», деп тілектестігін білдірді.

Ішкі талдау нәтижелері талқыланды



Аудан әкімі аппаратының басшысы Абдухат Бакировтің төрағалығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдаудың нәтижелері бойынша жиын өтті.

Іс-шараға аудан әкімі аппаратының қызмет-

керлері, қоғамдық кеңес мүшелері, ауылдық округтер мен кент әкімдері, аудан әкімдігінің дербес бөлімдерінің мамандары мен жауапты қызметкерлері қатысты.

Жиында аудан әкімінің аппаратына қарасты заң бөлімінің басшысы Ұлжан Шекеева ішкі талдаудың нәтижелері туралы баяндама жасап, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде кеңінен тоқталды.

Мәжілісті қорытындылаған Абдухат Бакиров мемлекеттік қызметшілерге өз лауазымдық міндеттерін адал әрі үлгілі атқару қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметте тиімді әрі нәтижелі жұмыс жүргізу арқылы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Абыройы асқақ, арманы биік құрбандар рухына



31 мамыр-Құғын сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Созақ ауылындағы «Созақ көтерілісі және ашаршылық» мемориалына барып тағзым етушілер қатары арта түсті. Халқымызда «Өлі разы болмай, тірінің тірлігі өнбес, демекші жылына бір рет болатын еске алу күнінде мал сойып, ас бермесек те Тәуелсіздігіміз бен

баянды бостандығымыз жолында шейіт болған боздақтар мен жерлес ата-бабаларымызға арнап бет сипап құран бағыштаудың өзі үлкен сауапты іс болмақ. Осы орайда шағын шара аудан орталығындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы тарих және өлкетану музейі қызметкерлерінің бастамасымен өтті. Шараға Созақ ауы-

лының әкімі Батыр Қаныбекұлы Аяпов, Сұлтанбек Қожанов атындағы тарих және өлкетану музейінің директоры Ернар Сағындық, ауыл ақсақалдары, «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай, ауыл әкімшілігінің қызметкерлері болды. Созақ көтерілісінде құрбан болған азаматтардың рухына тағзым етіліп ескерткішке гүл шоқтары қойылып, әруақтарға құран бағышталды. Ескерткіш басында тарихшы, өлкетанушы Мақсат Қарғабай Созақ көтерілісі туралы тарих парақтарын ақтарып өтсе, музей қызметкері, ақын Гүлнар Өмірбек алаштың ардақты перзенті Сұлтанбек Қожановтың тағдырлы талайлы тайғақ кешкен жолдары туралы баяндады.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

ЖАЛПЫАУДАНДЫҚ СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

«Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау» күніне орай, Созақ ауданы бойынша жалпыаудандық сенбілік ұйымдастырылып, барша ауылдар мен елді мекендерде ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілді.

Аталған іс-шара табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында өткізілді. Сенбілікке мемлекеттік меке-



ме қызметкерлері, жастар ұйымдары мен еріктілер, сондай-ақ ауыл тұрғындары белсене қатысты.

Шолаққорған ауылында бөлінген 5 сектор бойынша 144 көше қамтылып, әр мекеме өздеріне тиесілі аумақтарда тазалық және көгалдандыру шараларына белсене атсалысты. Ішкі көшелер, саябақтар, ауыл сыртындағы сай-сала, үлкен жолдар мен айналма жолдардың бойы тұрмыстық қалдықтардан тазартылып, су өткізу жүйелері де ретке келтірілді.

Сонымен қатар, Созақ, Құмкент және Жартытөбе ауылдарында «Мөлдір бұлақ» акциясы ұйымдастырылып, өзен-көлдердің жағалаулары мен арық-атыздар тазартылып, су арналарының еркін ағысы қамтамасыз етілді.

30-ға жуық арнайы техника жұмылдырылып, 6500-ден астам тұрғындар, мекеме қызметкерлері мен белсенді жастар атсалысты.

Іс-шара нәтижесінде 20 шақырымға жуық өзен-көлдер мен арық жүйелері тазартылып, 110 тоннаға жуық тұрмыстық қалдықтар арнайы полигонға шығарылды.

Зұлмат жылдар жаңғырығы



Аудандық орталық кітапхананың оқу залында осы кітапхана ұжымы мен аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бірлесіп ұйымдастыруымен «Зұлмат жылдар жаңғырығы» атты тарихи тағылымға толы дөңгелек үстел шарасы өтті. Шараны орталық кітапхананың белсенді қызметкері Еркебұлан Дайрабай жүргізіп отырды.

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай, өткен ғасырдың ең қаралы беттерін жадымызда жаңғыртып, тарихи әділеттілікке бас ию мақсатында «Зұлмат жылдар жаңғырығы» атты дөңгелек үстел басында өткен тарихымыздың көлеңкелі тұстары туралы бір қыдырау әңгімелер айтылды.

Іс-шараға ауданымыздың мектептерінен келген тарих пәнінің мұғалімдері, ардагерлер және қоғам белсенділері қатысты.

Дөңгелек үстелде ақын, өлкетанушы Мақсат Қарғабай тағылымды баяндама жасап, сол бір зұлмат кезеңнің халық жадындағы орны, әділетсіздік құрбаны болған Алаш азаматтары туралы терең ой қозғады. Жиын қатысушылары өзара пікір алмасып, тарихи оқиғаларға жаңаша көзқарас танытты.

Бұл – өткенге тағзым, болашаққа аманат!

Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу – ұрпаққа тарихи сананы сіңірудің жарқын жолы.

«Созақ үні»-ақпарат.



Әншуақ-ән фестивалі өз мәресіне жетті

Маусым айының басы балаларды қорғау күні. Осы бір бүлдіршіндеріміздің мерейлі мерекесіне орай елордамызда «Әншұақ» балалар әндерінің республикалық фестивалі гала-концертпен қорытындыланды. Ауқымды шығармашылық жоба еліміздің барлық өңірлерін қамтыды, ол Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Қазақстан балалары» онкүндігінің ең жарқын оқиғасына айналды. Мақсаты – балалар арасында музыка мәдениетін дамыту, патриоттық сезімдерін нығайту және «Адал азамат» тжырымдамасының негізі болған жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысты. Ол бұл күндері жауапты мемлекеттік органдар балалардың әл-ауқатын арттыруға қатысты мемлекеттік бағдарламаларды, жобалар мен бастамаларды кенінен таныстыруда екенін

атап өтті. «Біздің мемлекетіміз әр баланың денсаулығын қорғау, қауіпсіздігін сақтау, білімі мен дарынын қолдау мақсатында ауқымды шаралар қабылдауда. Бұл фестиваль – тек өнер мерекесі ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақтың бойында ана тілімізге деген сүйіспеншілік пен мақтанш сезімін қалыптастырудың жарқын үлгісі еді. Мұндай жобалар бала игілігі – мемлекет саясатының басым бағыты екендігінің тағы бір дәлелі», - деді Ғани Бейсембаев. Фестиваль аясында 1 құркүйектен бастап еліміздің түкпір-түкпірінде 6 жас-тан 18 жасқа дейінгі балалар ән шырады. Әлеуметтік желілерде “Әншуақ” Әншуақ 2025 хэштегірімен 22 мыңнан астам жанды дауыста балалар әндері жарияланды. Жалпы қаралым саны 18 миллионнан асты.

Көпшілік тыңдармандар мен қазылар алқасының дауыс беру нәтижесінде іріктелген 13 үздік ән гала-кон-

церт сахнасында шырқалды. Жеңімпаздарға Гран-при, дипломдар және арнайы марапаттар табысталды. Open Air форматындағы концерттер бұл күндері еліміз бойынша тұрғын үй аулаларында, саябақтарда, аландарда өтуде.

«Әншуақ» фестивалі Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен биыл екінші жыл қатарынан ұйымдастырылуда және ол мәдени, тәрбие беру бағытындағы маңызды жобаға айналып келеді. Бұл жобаға біздің Созақ ауданының атынан Сызған ауылы, Ғани Мұратбаев жалпы білім беретін мектептің оқу-

шысы Сүйрік Құрманбек
КАТЫСТЫ.

Астана қаласындағы «Жа-стар» сарайында өткен Га-ла-концерте республика-лық фестивальдің «ҮЗДІК ӘНІ» болып танылған «Әке-шім, анашым» әнін нақ осы Сүйік Құрманбек қызымыз еді. Әннің музыкасын жазған Ғ.Мұратбаев атындағы жал-пы білім беретін мектептің мұғалімі Мамырғали Байс және сөзін жазған әдісте-мелік кабинет әдіскері Ерік Досболов болатын. Нәти-жесінде, Ерік Досболов Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың қолынан марапат алды. Ендеше, сызғандық Сүйік қызымыз-дың «Әншуақ» балалар ән байқауында алған жеңісті жүлдесімен барша Созақ жұртшылығын құттықтай-мыз! Ерік Досболовқа мара-патың құтты, қайырлы бол-сын айтамыз!

Данияр БЕК.

Балалар бар өнерін көрсетті



Бірінші маусым–Балаларды қорғаудың халықаралық күні. Адамзат қоғамының өн сүйкімді де, әлсіз, әрдайым қорқуды қажетсінетін, аялап, еркелетуді жақсы көретін жас өскін буынына ересектер тарапынан барынша ілтипат мейір төгетін күн. «Бала – адамның бауыр еті» дейді, қазақ. Бүгінгі өмірін ертеңге жалғайтын ұрпағының сүйіс дені сае, ақыл-есті болып өсуіне жете мән беріп барынша күш салу–саналы адамның ғұмырлық мақсаты. Қазақ – бала тәрбиесіне ежелден ерекше мән берген халық. Бұл–құр жаттанды айтыла салған сөз емес. Ұланғайыр өлкені сырт дұш

паннан қорғау, ішкі бірлік-
берекені нық ұстау, отбасын
асырау үшін шаруаға бейім.
өмір сүру икемділігі ме-
дағдыларын тиісті деңгейде
игерген болу қатарлы жеке
тұлға мен қауымға ортақ
мәселелердің шешімі кешегі
қазақ қоғамында қалай та-
былды деген сұраққа теле-
гей-теңіз ауыз әдебиеті то-
лығымен жауап береді.
Қазақтың бай фольклорын-
да мұның бәрі егжей-тег-
жейлі көрініс тапқан. Қазіргі-
дей білім беру жүйесі, стан-
дарттар жоқ заманның өзін-
де қазақ халқы өзінің жас
ұрпағына саналы тәрбие бе-
ре білген. Ұрпағына заманға
сай озық та сапалы білім

беру-кез-келген ата-ананың қолынан келерліктей мүмкін жағдай болмаса да, ауқатты қазақ отбасылары балаларына өз заманындағы ресейлік, еуропалық беделді білім ордаларында оқытып білім алдырғанына мысал көп. Қазақ баласының білім мен ғылымға бейімділігі, алғырлығы-соңғы үш ғасыр жүзінде сан жүздеген мысалдар арқылы әбден дәлелденген ақиқат. Ең бастысы-бүгінгі жас қазақстандықтардың қайғысыз-қамсыз өмір кезеңі-балғын балалық шағының аспаны әрдайым ашық, көңілі еш алаңсыз, киімі бүтін, тамағы тоқ болуына қоғам болып атсалысуымыз болмақ. «Бала тәрбиесі- баршаның ісі» деген кешегінің ұраны ешқашан ескірмек емес.

Осы аптаның басында балалар күніне орай аудан орталығындағы «Ертістік» балалар бақшасының «Нұр шашу» ересектер тобында тәрбиешілер Қорғанова Гүлнара, Әбенова Бақтыгүлдің ұйымдастыруымен мерекелік шара өтті. Шарадан көтеріңкі көңіл-күймен қайтып.

**Нүргүл
ҚУАНЫШБЕКОВА,
Сымбат РАЗЫМХАН,
ата-аналар.**

80-ГЕ ЖУЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының талабына сәйкес, уәкілетті орган (оның аумақтық бөлімшелері) мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет сапасындағы заңнамасын сақталуын, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауын, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Бұл ретте, Агенттіктің Түркістан облысы бойынша департаменті 2024 жылдың қорытындысымен өңірдегі жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне қолданылған тәртіптік жазаларға талдау жұмыстарын жүргізді.

Талдау нәтижесімен аталған мерзімде 1825 лауазымды адам тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда қолданылған тәртіптік жазалардың саны 10 % артқанын көрсетті.

Осы орайда, кейбір мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану барысында заңнама талаптары сақталмай өрескел бұзушылықтар орын алған.

Сәйкесінше, Департаменттің араласуымен 53 мемлекеттік қызметшіге негізсіз тәртіптік жаза қолдану туралы актілердің күші жойылып, құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан басқа, Департаментпен 2025 жылдың тоқсанының қорытындысымен мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссиясының жұмысының есебіне талдау жүргізіліп, нәтижесінде 426 мемлекеттік қызметшіге тар-

тіптік жаза қолданылып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда қолданылған тәртіптік жазалардың саны 12,7 % азайған.

Дегенмен, Департаментпен жоспарлы тексеру мен мемлекеттік қызметшілерге қолданылған тәртіптік жазаларға талдау жұмыстарын жүргізу барысында 26 мемлекеттік қызметшіге негізсіз тәртіптік жаза қолдану деректері анықталды.

Өз кезегінде, Департаменттің ұсынуымен заңнама талаптары бұзыла отырып қолданылған тәртіптік жазалардың күші жойылып, 26 мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қорғалды.

Бзушылықтардың басым көпшілігі мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану мерзімдерін сақтамау, қызметтік тергеп-тексеру тағайындау тәртібін сақтамау, қызметшілердің тиісті түсініктемелері алынбастан тәртіптік жаза қолдану бағыттарында орын алған.

Бұл көрсеткіштер Департамент тарапынан мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау және бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізгенінің айғағы.

Осы ретте, Департаментпен ұдайы түрде мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағида талаптарының сақталуы бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Д.СУРТЕКОВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментбасшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі

Алғысымды білдіремін



зир ұлым алты жасқа келді. Алла қаласа мектептің даярлық сабағына барғалы отыр. Балам бала күтуші Аманкүл апайдың айтқанын бұлжытпай орындайды. Менің Естай баламның тәрбиешілері мен бала күтушілеріне айтар алғысым шексіз. Тәрбиешілер балама жақсы тәрбие, тәлім берді деп есептеймін. Баламның сөйлеп кетуіне зор жұмыстар жасағаны үшін отбасымыз атынан аналық алғысым айтқым келеді.

**Мөлдір ҚОНЫСБЕКОВА,
Ата-ана.**

ЕҢБЕКТЕРІМЕН ЕЛГЕ ТАНЫЛҒАН ӘУЛЕТ

Кешегі майдангерлер, жалынды жауынгерлер-бүгінгі ардагер, ауыл қариясы. Ел шетіне жау тигенде өз еріктерімен майданға сұранып, қара ниетті зұлым дұшпанның жолын кесіп, жұлынын үзіп елге жеңіс үнін жеткізген майдангерлеріміздің қатары жылдан жылға сиреп барады. Сол бір сұрапыл отты 1941 жылы Созақ аудандық әскери комиссариатынан майдан даласына 6000-ға жуық азамат-жерлестеріміз Отанын қорғауға аттанса, бүгінгі таңда ауданымызда солардан қалған көзі тірісі -1 соғыс ардагері ғана ортамызда.

Майданға аттанған созақтықтардың 83 пайызы ұрыс даласында қаза тауып, елге оралмады. Олар өз өмірлерін қия отырып, өзінен кейінгі мыңдаған, миллиондаған ұрпақтарының өмірлерін аман сақтап қалды. Сұрапыл соғыс жылдары Созақтық қаһарман жауынгерлер мен егіс даласында қалған тыл ардагерлері өздерінің бар қарулы күш-жігерлерінің, отаншылдық рухы арқасында Жеңіске жетуге өзіндік із қалдырды. Ұлы Отан соғысы басталғанда бала Шәріпбек он бір жаста екен. Үлкендермен бірге тылда, егіс даласында, колхоздың малының соңында, өгіз үстінде астық тасумен балалық балғын шағын еңбекпен өткізеді.

Бұл аймақ Сарыөзек болысына қарайтын. Бір болыстықта мың үй болады екен. Құртты бұлақ, Тасқұдық, Байбатыр бұлақ, Ақтасты бұлақ, Ахмет бұлақ, Көккөздің бұлағы, Тоқсанбай бұлақ, Ақтөбе, Бүйрекші, Абыз бойы, Қарамолла, Тәштеқ құдығы, одан Қарашеңгел арқылы құм бойына шығады. Стамгазы, Көкмұрын, Асқазан, Николай заманында ағылшындар қазған Итаяқ-Еспенді құдығы, батысқа қарай Тайқоңыр құдығы, Ақсүмбенің тұсында Айқожаның құдығы, таудың ішінде Шалбай, Сарыбай, Бәймен бұлағы, Ұзын айрық деген жерлер осы болыстың иелігіне қарайтын. Байдың ұрпағы деген желеумен елдің бетке ұстар азаматтары кәмпеске ілігеді. Содан бұл әулет үдере Мақтарал, Жетісай, Келес бойына көше жөнеледі. Елден жырақта отыз жылға жуық ғұмыр кешеді. Қайратты жігіт Жүсіпұлы Молдақасым өкіметтің тапсырмасымен сонау Келес ауданында, Ташкент маңайында қалған ағайындарды елге қайта көшіріп әкелуге елеулі үлесін қосады. Көшінің алды Ауғанстан шекарасына жақын жерге дейін көшіп барған ағайындардың басын қосып жинайды. Оларды Жаңақорғанға пойызбен әкеледі. Барлығын пойыз жол бойына түсіріп, ауылдан, яғни, «Октябрь-4» колхозынан есегі, түйесі, жылқысы бар күш көліктерді алдыртады. Баяғы мың түтіннен сол уақытта 24 үй ғана қалған екен. Осыған елі үйді қосып барлығы жетпіс төрт үй болып қайта түтін түтетіле бастайды. Әр отбасы кіру жарнасы ретінде бір-бір өгізден колхозға төлеп, мүшелікке алынады. Колхоздың малы осылай құралады.

-Сол уақытта колхозда 150 жылқы, 2000 бас қой-ешкі, 50 сиыр, 30 түйе ғана болатын. Біздің үйде әкем, анам және мен ғана еңбекке жараймыз. Қалғандары жұмысқа жарамайды. Арасында таудан барып рауаштың дәнін, қара тарының, құмнан жау жұмыр теріп жейміз. Қара тарының бір қасиеті көрген мезетте жинап алмай, ертең келіп аламын дегенге болмайды. Адамның көзі түскеннен кейін ертеңіне дейін төгіліп түсіп қалады. Су тапшылығынан біршама ағайындар тауды бөктерлеп Жартытөбе маңайына қоныс теппекке көшті. Үлкен бас көтерер ақсақалдар қой-ешкіні қосақтап саудырып, ортаға үлкен қазан қойдырып, соған барлық сиырдың, қой, ешкінің сүтін құйдырып, ортадан теңдей бөліп, колхозшыларға үлестіретін. Сөйтіп ашыққан елді аман сақтап отырдық,-деп уақтысында Шәріпбек қария балаларына айтып



отырады екен. Табиғаты қатал болғанымен, қойнауы құнарлы Теріскейдің төсін еркін жайлап, ел несібесін арттыру жолында аянбай еңбек еткен әкесі Дауылбаев Шәріпбек пен анасы Сәрсекейқызы Бейсенкүл озат шопандар отбасы атанады. Мал басын аман сақтау, мал өнімдері бойынша жоспарларды асыра орындаудағы жетістіктері үшін «Ауыспалы Қызыл Туды» бірнеше рет жеңіп алады. Шәріпбек ақсақал 1930 жылы дүниеге келіп 1983 жылы өмірден озса, апамыз 1940 жылы туылып, 2008 жылы. Кейін сол отызыншы жылдардағы қуғын сүргін, ашаршылық кезінде жер ауып Өзбекстан жақты паналап, заманның жылымық кезінде бері өтіп, Мақтарал, Жетісай өңірін паналайды. 1961-62 жылдары Қаратау совхозы құрылғанда шеттегі ағайындарды елге жинай бастайды. Сонда Жүсіпов Молдақасым көкеміз жалынды жігіт шағында Мақтарал өңіріне арнайы барып ағайындарын туған жеріне шақырады. Төлепбергенов Әбдімәлік көкеміз өз ағайындарын жинап көшіріп алып келеді. Сөйтіп «Қаратау» совхозының іргесі беки түседі. Содан бүкіл әулет көшіп келеді. Отағасы Шәріпбектің қолдан келсе мұқтаждарға барын бөліп беріп, жылатқанды жұбатуға асығып тұратын сақилығы әлі күнге ауыл адамдары арасында аңыз етіп айтылады. Үлкендері Гүлжан, егіздер Сәуле мен Фатима, Сейсен, Әлібек, Жаңабек, Роза, Жәнібек, Қарашаш, Пернебек, Тамара, Клара, Фарид. Жомарттығына сай байлығына балаған балаларының қамы үшін жаздың ыстығы мен қыстың арқыраған аязында үй бетін көрмей ауыр тіршілік көшінде жүрген ата-ананың еңбек өнегесін көріп өскен отбасындағы он үш перзенттің бәрі де бір-біріне бауырмал, қамқор, жанашыр, әрі үйдің-түздің жұмысын жайлап, төрт түліктің бабын білген, шаруақор болып жетіледі. Осы үлкен шаңырақта ержетіп, ерте ес білген Әлібек Шәріпбекұлы отбасы болып елге келер жылы, яғни, 1963 жылы Сарыағаш қаласында дүниеге келген. 1964 жылы отбасы Созақ ауданының Қаратау ауылына қоныс аударып, балалық шағы осы өңірде өтеді. 1981 жылы Созақ ауданындағы Панфилов атындағы жалпы орта мектепті бітірген соң, Отан қорғау сапына аттанып, әскери қызметін Балқаш қаласындағы әскери бөлімде өтеді. Елден жырақ жүрсе де, жүрегінің қайратын танытып, қатарластарынан оқ бойы озық болған жас сарбаз әскерде жүріп жеткен жетістіктері де аз емес еді. Сол жеңісті сәттерімен бөлісіп, өзінің жолына қараған ата-анасын қуантуға асыққан Әлібек 1983 жылы әскерден ауылына оралғанда өзін қайғылы хабар күтіп тұрғанын білмеген-ді. Ол келерден екі ай бұрын ғана асқар тауы-әкесі Шәріпбек өмірден озып кетіпті. Арқа тұтқан асылынан айырылып,

тірексіз қалғандай болғанымен, шие-тей балаға бас болып қалған анасы Бейсенкүл мен әлі қанаттанып үлгермеген бауырларын ойлап, шаңырақтың ендігі баскөтерері өзі екендігін түсінген Әлібек тез еңсе тіктеді де, сол 1983 жылдан әке жолын жалғап, шопан ата таяғын қолға алды. Бала күннен көзі де, қолы да үйреніп өскен тірлікке тез төселіп, өзінен кейін бауырларының көмегімен жұмысын еңсеріп кеткен жас шопан әке орнын жоқтатпай, шаңырағының несібесін еселеді. 1984 жылдан «Қаратау» совхозының №1 фермасында аға шопан болып, 1993 жылға дейін мал баққан Әлібек Дауылбаев осы жылдар ішінде асыл тұқымды қосқарларды баптау, аман сақтау, ет пен жүн өткізуден әрдайым үлкен жетістіктерімен көзге түсіп шаруашылық басшылығы тарапынан көптеген мадақтамалар мен бағалы сыйлықтарға ие болды. 1994 жылы елдегі экономикалық жүйе өзгеріп, шаруашылықтар ыдыраған соң, совхоз малын өткізіп Созақ ауданының Қыземшек кенттік округіне қарасты Тайқоңыр ауылына қоныс аударды. Бірақ, еңбектің көзін таба білетін іскер азамат жұмыссыз қалдым деп қол қусырмай, өзі үйренген кәсібін жалғастырып, жеке шаруашылығын дамыта түсті.

-Шәріпбек ақсақал да, баласы да жеке басының қамы үшін есік қақпады, пенделікпен дүние жинамады. Бар ойы, бар байлығы-ел есінде қаларлықтай абыройлы да адал еңбектері болды. Сондықтан да бір салада ұзақ жылдар бойына қызмет етіп, халықтың ойын айтып, елімен бірге қуанып, қайғысын бөліскен әкелі-балалы Шәкең мен Әлібек Дауылбаевтардың еңбегі айрықша деп есептейміз. Әлібек ініміз жыл сайын аудан, ауыл ардагерлерін Түркістан, Шымкент қалаларына қыдыртып, серуендетіп, зиярат етуімізге мүмкіндік жасап, қайырлы іс істеп келеді,-дейді Созақ ауылының ардагері Мұрат Жақсыбаев.

-Созақ ауданы Қаратау ауылдық округінің тұрғындары атынан еңбек адамы, бар ғұмырын ауылдың, оның ішінде ауылшаруашылығы, мал шаруашылығын өркендетуге қалтқысыз үлес қосқан Дауылбаев Әлібекті 60 жасқа толуына орай қайсыбір жылы Созақ ауданының Құрметті азаматы атағына ұсынылған болатын. Қасиетті Қаратаудың етегіндегі елдің әрбір бұта-тасын жатқа білетін Әлібек Шәріпбекұлы бүгінде Созақ ауданына қарасты орман шаруашылығында қорықшы болып еңбек етіп, жергілікті орман және жануарлар дүниесін қорғау елеулі үлесін қосып келеді,-дейді Төлегенов Бақыт ағамыз.

-Әлен ініміз ата кәсібін нәсібіне айналдырып, өзі іргесін қалаған «Астана» жеке шаруа қожалығында жылқы малын өсіріп отырған іскер кәсіпкер әкесінің жомарттық жолын да жалғап, елдегі мұқтаж жандарға көмек беру-

ден аянып қалған емес. Бұдан бөлек, аудан көлеміндегі соғыс және еңбек ардагерлерінің гүлденген, түрленген жаңа Түркістан шаһарына саяхаттап қайтуына мүмкіндік жасап, демеушілік көрсету-үлкенге құрметті ұмытпаған ел перзентінің көпке көрсетіп-көрсетпей жасаған қайырлы істерінің бірі ғана,-дейді қаратаулық ардагер Сансызбай Тәжібеков.

-Әкем мен анам бізді өмірге әкелді, өсірді, тәрбиеледі. Өмір бойы төрт түлік малдың бабын табудан жүрді. Жақсылап демалып, ел мен жерді де аралаған жоқ. Ауылдың қарияларын көргенде ата-анам есіме түседі. Содан бір күні әкем болғанда осы бүгінгі ұрпақтарын көріп сүйсінер еді ғой. «Әкең өлсе де көзін көрген өлмесін» демекші, қарияларымызға қолымнан келгенше жақсылығымды көрсетейін деп ұйғардым. Сөйтіп Қаратау ауылдық округінде тұратын апа-көкелерімді киелі орындарға зиярат етулеріне жағдай жасадым. Оны менің өзімнің перзенттік, адами борышым деп есептеймін. Үлкендерге құрмет көрсету, сыйлау ол отбасындағы тәрбиеден бастау алады,-дейді Әлібек-Әлен аға.

Өскен-өнген өңірдің экономикасын өрлетіп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға елеулі үлес қосып жүрген ардақты азамат ауыл, аудан әкімдерінің көптеген Алғыс хаттарына және басқа да марапаттарға ие болды. Ізгі істері мадақталып, аудандық «Созақ үні», облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеттерінде арнайы мақалалардың жарық көруі де елдің ыстық ықыласының белгісі. Қайратты еңбегімен де қайырымды тірліктермен де сыйы артқан Әлібек Шәріпбекұлы-өз отбасын да өнегесін берік етіп, елге үлгі болып отырған жан. 1988 жылы шаңырақ көтеріп, 37 жылға жуық талай өмір белестерінен қол ұстасып бірге өткен зайыбы Гүлжамал Мырзакерімова да көп балалы отбасынан, оның әкесі Әбен мен анасы Нысанкүл де адал еңбекпен абыройы артып, өсіп-өнген әулет иелері. «Анасын көріп, қызын ал» дегендей, асыл текті жандардан өрбіген жары Гүлжамалмен маңдайға жазған тағдырдың ащы-суығын бірге көрген отағасы жауқазындай 2 қыз бен алтын асықтай 5 ұл өсіріп жеткізді. Бәріне лайықты білім алуға жағдай жасап, «дүниенің кетігін табуына» көмектесті. Үмітін ақтаған қыздарының елеулі ұстаз, тұңғышы Алтынай-Созақ ауданының Төлеген Момбеков атындағы орта мектебінде, Тұрсынбайы Арыс қаласындағы орта мектепте шәкірт тәрбиелеуде. Ұлдарының үлкені Ақжол-«Қазатомпром» ҰАҚ-ның Тайқоңыр ауылындағы «ГРЭ-7» мекемесінде оператор. Тұрары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетті бағдарламашы мамандығы бойынша бітірген, қазір өз саласының білікті маманы. Қосқанаты жоғары оқу орнында үшінші курста. Кенжелері Избасар Шымкент қаласындағы үздіктер оқитын «Dostyk School Shymkent» арнайы дарындылар мектебінде 11 сыныпта үздік оқыса, Шынболат Т.Момбеков атындағы мектептің қабырғасында 9 сыныпты бітіріп жатыр. Алды аяқта-нып, бір-бір шаңырақтың шырағын жаққан ұл-қыздарынан 12 немере сүйіп отырған Әлібек Шәріпбекұлы мен Гүлжамал Әбенқызы-өмірден көргені мен көңілге түйгенін ұрпағының санасына сіңіріп адамгершілік ар-иман мен еңбекқорлыққа баулып отырған абыройлы жандар. Сондықтан да бір салада ұзақ жылдар бойына қызмет етіп елімен бірге қуанып, қайғысын бөліскен және осындай еңбекқор ұл-қыз өсірген Шәріпбек көкеміз бен аулы жан Бейсенкүл апамыздың ұрпақ тәрбиесіндегі ерен еңбегі айрықша деп есептейміз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тұтқында, Түркістан легионы құрамында болып, кейін кеңес армиясы қатарында болғандарды «қаһарлы» орган МКГБ тарапынан іздестіріліп, тергеп-тексеру жұмыстары қарқынды жүргізілді. РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1 «б» бабы бойынша қылмысқа тартылғандарды іздестіру жұмыстары жалпы Одақ бойынша мемлекеттің ерекше бақылауында болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы неміс әскери басшылығы тарапынан дайындалған барлау-диверсиялық топтар мен Әлихан Ағаевқа (Иранов) қатысты істерде Төребек Топалов есімі жиі кездеседі. Әлихан Ағаев (шын есім-сойы Әмірхан Тілеумағамбетов) 1908 жылы дүниеге келген. Туған жері-Атырау облысының Қызылқоға өңірі. Армияға шақырылғанға дейінгі жұмыс орны-Алматы қаласы. Қызыл Армияның кавалериялық (атты әскер) взводының командирі, лейтенант Ә.Тілеумағамбетов 1941 жылы 17 қараша күні Москва түбіндегі шайқаста немістердің тұтқынына түскен. Германияда өзі құрған «Алаш» отрядының командирі болған. 1944 жылы мамыр айының басында Атырауға келіп түскен диверсиялық топтың командирі.

Тағы бір куәгер, легионер Мағжан Кенжалиев Топаловпен алғашқы кездесуін былайша баяндайды: «Офлаг-3» келген Иранов-Ағаевпен бірге еріп келген екі қазақ есімде. Соның бірі-Төре Топалов. 27-28 жас шамасында. Орта бойлыдан жоғары. Қайдан болғанын білмеймін бір көзі қыли. 1942 жылдан бері Топалов Иранов тобында. Яғни Иранов тобы құрылған кезінен сол топтың мүшесі. Ирановтың сенімді серігі, әрі онымен үнемі бірге жүреді. Топалов Иранов тобы Италияға жүрер алдында мені бірге жүруге екі мәрте үгіттеді. Ирановтың тобында бөлім командирі болды және неміс армиясының унтер-офицер шенін иеленді. Мен Берлинде кездейсоқ Иранов тобындағы Асаман Оспановпен кездесіп, сөйлестім. Онымен әңгіме барысында Иранов-Ағаевтың басқа жаққа кетіп қалғанын және оның орнына «Алаш» отрядының командирі болып Т.Топаловтың тағайындалғанын білдім», - десе, ал Ж.Басшыбаев тергеу барысында Ағаевтың арнайы тобында болған Топаловтың шын тегі Нұрболатов екендігі атап өтіп, оның жасырын есім-сойы Топалов, Ағаев арнайы тапсырмамен кеткенде орнына «Алаш» отрядына командир болып тағайындалғандығын, Ағаев «Алаш»



нына қатардағы жауынгер ретінде әскери қызметін бастады. 1940 жылдың 2 қаңтарында дивизион Киров қаласына орын ауыстырып, кейін дивизион толық таратылады. Жауынгер Т.Нұрболатов 167-ші жеңіл артиллерия полкіне жіберіліп, ақпан айында полк құрамында Челябинск қаласына келеді. Наурыз айында ауырып лазаретке түседі. Сәуір айында лазареттен шығып келгенде оның қызмет етіп жатқан полкін басты шекараға аттандырған. Ол запастағы атқыштар полкіне қабылданады. 1940 жылдың сәуір айының аяғында Воронеждегі жаяу әскер училищесіне оқуға жіберіліп, онда 1941 жылдың 10 маусымына дейін оқып, кіші лейтенант әскери шенін алып шығады. Училищені аяқтаған соң жолдамамен Гродно қаласында орналасқан 85-ші дивизияның 103-ші атқыштар полкі сапына жіберілді. 18 маусымда кіші лейтенант Төребек Нұрболатов әскери басшылықтың бұйрығымен 103-ші атқыштар полкі 2-ші батальоны 4-ші ротасының пулеметшілер взводының командирі болып тағайындалады. 1941 жылы соғыс басталғанда аталған дивизиясының құрамында соғыста жауды алғашқы қарсы алушылардың қатарынан табылды. Дивизия

«АЛАШ» ОТРЯДЫНЫҢ СОҢҒЫ КОМАНДИРІ НЕМЕСЕ АҒАЕВТЫҢ САРБАЗЫ

Т.Топаловтың есімі чекистерге 1944 жылдан белгілі болған. Оның айғағы Ә.Ағаев тобындағы қолға түскен Ә.Әлжанов, М.Омаров, А.Мұхамедиев, Р.Керімбердиев, Ж.Басшыбаев, К.Кішібаевтың тергеу барысында берген жауаптарында Топаловтың есімі аталады.

Топаловтың ісі бойынша куәгерлер Ә.Әлжанов, К.Кішібаев, М.Омаров, Р.Керімбердиев, А.Мұхамедиев, Б.Қайдаулов, М.Кенжалиндер тергеуге алынып, олар Төребек Топаловпен бірге неміс барлау-диверсиялық тобында және «Алаш» отрядында қызмет еткендерін айғақтаған.

Полтава облысының УНКГБ-ның №1017 санды мәліметіне сүйенсек, Полтава қаласындағы Крупская көшесіндегі № 1 үйде 1942 жылдың маусым-қараша айларында «Орион» атты неміс барлау мектебі жұмыс жасаған. Бұл мектепте 1942 жылдың қыркүйек-қараша айларында қазақтардан арнайы жасақталған топты оқыту жоспарлаған. Мектептің бастығы зондерфюрер доктор Граф, ұлты неміс, шамамен 40 жаста, орташа бойлыдан жоғары, аяғын ақсап басады. Мектепте аудармашы болған В.Климук. 28 жаста. Батыс Украинаның тумасы, орташа бойлы, аққұба. Мектеп старшинасы Ә.Ағаев. Ұлты қазақ. 40 жаста, орташа бойлы, мығым денелі, көздері, қастары мен кірпіктері қара. Осы аталған мектепте Ә.Ағаев тобы барлау-диверсиялықжұмыстардың қыр-сыры мен тәсілдерін оқып, үйренді. Топта Төребек Топаловта болды. Кейін Бранденбург мектебінде 1942 жылдың тамызынан бастап Ағаев (Иранов) бастаған топ арнайы оқытылып, дайындық-жаттығу жұмыстарымен айналысты.

«Алаш» отрядының сапында болған Қайдауловтың көрсетуі бойынша Төребек Топалов, ұлты қазақ. 22 жаста, студент. Ұзын бойлы, арықша, сопақ беті, ақ құба жүзді. Шымкенттен. Италияда Ирановтың (Ағаев) орнына «Алаш» отрядының командирі болды. Ирановпен «Алаш» отрядының бастауында бірге келе жатыр. «Алаш» отрядының 4-ші тобының командирі. Неміс армиясының фельдфебелі.

отрядына басшылық жасап тұрған уақытта бөлімше командирі және радист болғандығын, резервте Италияда қалғандығын айтқан.

«Алаш» отряды құрамында болған атыраулық Ж.Баймағамбетовтың тергеушіге берген жауабы бойынша Төребек Топалов Оңтүстік Қазақстаннан. Әскери шені фельдфебел. Иранов-Ағаевтың кеңес аумағына диверсиялық топты бастап кетуіне орай оның орнына қалған. Немістер мен легионерлер арасында беделге ие болған. Бірнеше легионерлерді жазалап, өлім жазасына кескен.

Диверсиялық топтың мүшесі Ә.Әлжанов (Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданының тумасы): «Топалов ұзын бойлы, шашы ақшыл қара, бет келбеті орташа дөңгелек жүзді емес, қыр мұрынды. Топаловпен мен жақсы, достық қарым-қатынаста болдым, біз бір-бірімізге сендік және өз ойларымызды да жасырмадық. Топалов Қазақстанға бару үшін біздің топқа қосылғысы келді. Егер екеуміз Қазақстанға жетсек, онда біздің басшыларымыз Иранов, Бом және басқаларын атып тастауға тырысамыз, егер оларды өлтіре алмасақ, онда қашып кетіп, берілеміз деп шештік. Иранов оның қолы сынғанына орай, біздің топқа енгізбеді, бірақ мен оны Италияда қалдырудың себептері басқаша деп санаймын және Ирановтың Топаловқа деген сенімсіздігіне байланысты болды. Сонымен қатар, 1943 жылы Киевте олардың өз арасында кейкілжіңдер мен жанжалдар болды», - дейді.

Сонымен Төребек Топалов дегеніміз кім, барлау-диверсиялық топта, «Алаш» отрядында қандай қызмет атқарды, енді архив құжаттарына жүгінсек. 1942 жылдың маусымында Ә.Ағаевтың тобына жазылған тұста Топалов деген жасырын тек беріліп, азан шақырып қойған есімі Төребек өзгерісіз қалдырылған.

Львов қаласынан 12 шақырым қашықта орналасқан замокта тұрған Ағаев тобы Лукенвальде қаласына мына адамдармен барды: Әлихан Иранов, Зұлхайыр Закиров, Балхаш Баташев, Мұхамбет Дінішев, Сартмағамбет Мұхамбетов, Ақтай Наза-

ров, Бақи Бом, Ахмет Алғыров, Төребек Топалов, Әбдіқадыр Әлжанов, Ілияс Базарбаев, Рахим Керімбердиев. Бұл топта Төребек Топаловтың есімі аталады. Екінші топта Мұса Құттыбаев (топтың жетекшісі, Бухаресте атылды), Құмар Қозыбаев, Жағыпар Басшыбаев, Қылыш Дүйсенбаев, Аргынбек Өсенбаев, Садық Қозыбахов, Бек, Болт Қаракөзов, Шафетдин Байжанов, Рахматолла Өтешов, Ақшалов, Кеңеспек Бабашев, Жолдас Лұқпанов болды. Неміс әскери басшылығының бұл топтарды Қазақстан аумағына барлаушы десант ретінде түсіру жоспары болатын.

1945 жылдың 26 қарашасында Қазақ КСР НКГБ-ның тергеу бөлімінің басшысы, капитан Құрманжановтың толтырған құжатынан қанық болатынымыз.

Төребек Нұрболатов Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратөбе ауылдық кеңесінде 1919 жылы дүниеге келген.

Әкесі Нұрболат Биболов орташа шаруашылығы бар шаруа болған. 1930 жылы саяси науқан ұжымдастыру өршіп тұрған кезінде колхозға кірген. 1932 жылы аурудан қайтыс болған. Ағасы Төлен әкесі өлгенше теміржолда қара жұмысшы болып қызмет атқарған, «Бостандық» колхозындағы анасы мен інісінің қасына жанұяны асырау үшін көшіп келген. Анасы мен екеуі әкесі қайтыс болған соң ағасы Төленнің қолында болды. Ағасы кейін бұл колхоз «Орджоникидзе» атындағы колхоз болып аталған кезден 1942 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылғанша колхозшы болып жұмыс жасады. Ағасы соғыста қаза тапты 1937 жылы бастауыш класты бітірген соң Төребек Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумының дайындық курсына оқуға түседі. 1939 жылы аталған техникумның I курсына оқуға қабылданды, ал 20 қыркүйек күні армия қатарына шақырылады. 10 қазанда армияға шақырылғандармен бірге әскери міндетін өтеу үшін Челябинск қаласына жіберіледі. 16 қазан күні Челябинск қаласынан 170 шақырым жердегі Мяс қаласында орналасқан 223-ГВФ, 2-ші дивизио-

н құрамасы 24 маусым күні Гродно қаласын тастап шығып Лида қаласының маңында ауыр қорғаныс ұрыстарын жүргізді. 14 шілде күні дивизия басқа да әскери бөлімдермен бірге неміс-фашистерінің қоршауында қалады. Осы ұрыстардың барысында сол қолы мен оң иығынан жараланып, есінен айырылып майдан даласында қалады. Ес-түссіз жатқан оны жақын маңдағы шаруаның үйіне алып барып, жарасын таңады, келесі күні 15 шілде де деревняны немістер басып алып, деревнядағы үйлерде жатқан барлық жаралыларды жинап машинамен Лида қаласына әкеледі. Жаралыларды қаладағы лазаретке орналастырады. 1942 жылы лагерьде жүргенде Ағаевтың тобына енеді. 1945 жылдың 25 сәуірінде Италияда американдықтарға тұтқынға түскен. Американдықтар өз тарапынан тұтқынға түскендерді Пиза қаласына кейін маусым айында Бария қаласындағы (Италия) тұтқындар лагеріне апарды, кейін кеңестік тұтқындарды Австрияның Кофенберг қаласында орналасқан Кеңес Армиясының командиваниясы қарамағына тапсырады. Шілде айында Сигет (Румыния) қаласына жеткізіліп, кейін Козельск қаласында орналасқан 5-ші дивизияның 55-ші запастағы атқыштар полкінде қызмет етіп, қыркүйек айында дәрігерлік тексеруден соң армия қатарына жарамайтындығына байланысты 30 қазанда әскер қатарына жарамыз деп босатылған. 1945 жылдың 7 қараша күні туған жеріне келді. 14 қарашада қауіпсіздік органдар тарапынан тұтқындалды.

1945 жылдың 6-шы желтоқсан күні тергеуші тұтқын Т.Нұрболатов (Топалов) пен М.Кенжалинді бетпе-бет кездестірген. Кездесу барысында М.Кенжалин өзінің Қ.Оспанов басқарған Ирановтың (Ағаев) резерв тобында болғандығын және Варшава қаласындағы барлау мектебінде радист оқуын оқығандығын айтады.

**Аққали АХМЕТ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті тарих
ғылымдарының докторы,
профессор.
(Жалғасы бар).**

ПРОВОДИТСЯ КОНКУРС ПО ПЕРЕДАЧЕ В АРЕНДУ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ ПО СОЗАКСКОМУ РАЙОНУ

В соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 14 июля 2025 года, 10-00 часов село Шолаққорғана, улица Жібек жолы дом №14, здание аппарата акима Созакского района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 23 июня 2025 года до 11 июля 2025 года (заканчивается 11.07.2025 год 18-00 часов) село Шолаққорғана, улица Жібек жолы дом №14, 1-этаж, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района.

2. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, исполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до 14.07.2025 года до 10-00 часов". (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключение конкурсной комиссии 14.07.2025 года.

СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын Ұйымдастырудың және өткізудің шарттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2025 жылы 14шілде сағ 10 - де. Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі №14 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2025 жылдың23маусымынан – 11шілдесіне дейін (11.07.2025 жыл сағ: 1800 - де аяқталады). Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №14 үй, 1-қабат «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану жағдайларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және 14.07.2025 жылғы сағ 10.00-ге дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 14.07.2025 жыл.

2025 жылы 3-ші конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің тізімі

Қ/с	Айы, күні, жылы	Аты-жөні	Сұралып отырған жердің орналасқан жері	Жалпы көлемі, га	Алқап түрі
1	07.09.2020 №ЖТ-Ж-462	Жақыпов Зябыдын Дадаханович	Созақ	6	Суармалы егістік
2	№1163 26.02.2021жыл	Созақ а/о Ұсыныс Утенбаев Шерзод Фурхатович	Созақ	500	Жайылым
3	07.09.2020 №ЖТ-Ж-462	Жақыпов Зябыдын Дадаханович	Қаратау	1000	Жайылым
4	№1764 30.03.2021 жыл	Қаратау а/о Ұсыныс Мырзакерімова Гүлжамал	Шолаққорған	184	Жайылым
5	№2290 23.04.2021 жыл	Шолаққорған а/о Ұсыныс Рахашов Арман Рахашович	Созақ	673	Жайылым
6	№ЖТ-Б-16 22.06.2021 жыл	Боқанов Бауыржан Төлешұлы	Қаратау	200	Жайылым
7	ЖТ-Қ-52 11.08.2021 жыл	Куанышбаева Жансулу Айтбаевна	Шу	1200	Жайылым
8	23.11.2022 ж	Сейдахметов Аскар Шалаказакөвич	Құмкент	3	Егістік
9	20.12.2022 ж	Сарсенбаев Есенбай Төлеуұлы	Құмкент	5	Суармалы егістік
10	31.03.2023 жыл Е-өтініш	Маликов Қанат Докторұлы	Шу	530	Жайылым
11	11.09.2023 №2023-01754057	Абилдаев Талғат Коспанович	Сызған	330	Жайылым
12	07.03.2024 Е-өтініш	Момбаев Кенжехан Маханбетович	Шолаққорған	1700	Жайылым
13	23.07.2024 ж №107	Қиясов Жанболат Жаңбырбайұлы	Қаратау	1100	Жайылым
14	28.02.2025 ЗТ-00678263	Қаратау ауылдық округі әкімі аппараты	Шолаққорған	5	Балық шаруашылығы
15	12.12.2025 №06284537	Бейсенбиев Дәулет Файнибекұлы	Қаратау	100	Жайылым
16	Е-өтініш	Асқарбек Қайрат	Тасты	1150	Жайылым
17	09.11.2020 №5937	Тасты а/о Ұсыныс Бименов Бәрібай Қасқырбайұлы	Шу	1000	Жайылым
18	21.11.2024 ЖТ-06039796	Кәрібаева Үрлұш Төкенқызы	Тасты	1000	Жайылым
19	21.11.2024 ЖТ-06039843	Калмаганбетов Асхат Алханович	Құмкент	1646	Жайылым
20	12.03.2025 ЖТ-00823953	Уаков Керім Жолдибаевич	Созақ	3000	Жайылым
21	25.04.2023 жыл Е-өтініш	Үсенов Сакен	Шолаққорған	10	Суармалы
22	03.09.2022 жыл	Мұхымбекова Ханшайым	Жуантөбе	500	Жайылым
23	ЖТ-Ш-152 22.12.2021 жыл	Шоканов Адильхан Султанбаевич	Жартытөбе	12,5	Суармалы егістік
24	25.09.2024 ЖТ-05423938	Бейсехулов Азимхан Кенесович	Шолаққорған	50	Жайылым
25	10.01.2023 жыл	Түлеев Мадияр Калиевич	Қарақұр	610	Жайылым
26	02.02.2024 №40	Қарақұр а/ә Ұсыныс Жетібаева Роза Куанышқызы	Қарақұр	50	Жайылым
27	12.08.2024 ж 40-14-17/130	Қарақұр а.о Ұсыныс Кадирбаева Улбосын Керимбаевна	Қарақұр	50	Жайылым
28	12.08.2024 ж 40-14-17/130	Қарақұр а.о Ұсыныс Кадирбаева Улбосын Керимбаевна	Қаратау	3000	Жайылым
29	21.11.2024 ЖТ-06039882	Сейтқазы Төлеген Ганиұлы	Қарақұр	822	Жайылым
30	24.10.2023 №230-33/04-06/87	Қарақұр ауыл округі әкімдігі Ұсыныс Ибраим Данияр	Қаратау	800	Жайылым
31	№59 03.05.2024	Асқарбаев Саулебек Өзбекұлы	Қаратау	360	Жайылым
32	№59 03.05.2024	Асқарбаев Саулебек Өзбекұлы	Қаратау	306	Жайылым
33	№59 03.05.2024	Асқарбаев Саулебек Өзбекұлы	Жуантөбе	200	Жайылым
34	21.08.2024 ж ЖТ-2024-050743377	Бектай Ерлан Амангелдіұлы	Жуантөбе картасы беттесіп тұр	1000	Жайылым
35	12.11.2020 №6033	Жуантөбе а/ә Ұсыныс Касимов Кайрат Алханович	Жуантөбе	2	Суармалы егістік
36	ЖТ-Н-57 18.08.2021 жыл	Наханов Асхат Абіласанұлы	Жуантөбе	650	Жайылым
37	28.08.2020 №ЖТ-3-445	Зупарова Шамшат Тіркеуқызы	Жуантөбе	500	Жайылым
38	21.10.2022 ж	Шәріп Жора Сейтентұлы	Жуантөбе	500	Жайылым
39	18.06.2024 ж Е-Өтініш	Алтаева Асем Кайырбековна	Шу	500	Жайылым
40	08.11.2024 ЖТ-05928923	Алтынбек Әшімхан Ұқайшаұлы	Құмкент	130	Жайылым
41	14.10.2020 №ЖТА-537	Асанбекова Үміткүл Мырзахметқызы	Шолаққорған	10	Суармалы егістік
42		Серикбаев Айдос	Картасы өзгерді	5	Балық шаруашылығы
				25399,5 га	
Аудандық жер қатынастары бөлімі.					

«БЖЗҚ» АҚ 2025 жылдың басынан бері 16,5 млн астам қызмет көрсетті

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) өз салымшыларын қолдау мен ақпараттандыруға бағытталған қызметтердің кең ауқымын ұсынуды белсенді түрде жалғастыруда. 2025 жылдың 1 қаңтары мен 31 наурызы аралығында халыққа шамамен 16,5 млн қызмет көрсетілді. Жыл басынан бері көрсетілген қызметтердің жалпы санының 7 млн-нан астамы электрондық форматта, 9 млн-нан астамы автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 98,4%-ын құрады. Қор қызметкерлері салымшыларға жүзбе-жүз 262,7 мыңға жуық қызмет көрсетіліп, оның ішінде 255 мыңнан астамы тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор— балаларға» бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар да автоматты түрде есептеледі.

Есепті кезең ішінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын (ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын («Ұлттық қор— балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 627,6 мыңға жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан шамамен 7,7 млн үзінді көшірме берілді. Оның 6,4 млн астамы-электрондық, ал 1,1 млн астамы автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарыңызды қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты тек БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, сонымен бірге egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтар үшін қосымша қолайлылық туғызады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алу-дан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 10,2 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған шамамен 212 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 11,2 мыңнан астам материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 165,8 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ардақты жан, жанға шуақ төгіп-ең

Шолаққорған ауылының тұрғыны болған, бірімізге әке, бірімізге аға- бауыр **Пәрімбекұлы Сәкеннің** өмірден өткеніне жылдың жүзі болды.

Шапағатың шуақ болып төгілген, Мейірімің сезілетін өңіңнен.

Ұл-қызының рахатын көре алмай,

Бұлттай көшіп кетсе барды көгімнен.

Сәуле құйған өзің едің санаға.

Бақыт шамын жағып өттің балаға,

Жайған жерің жайлы болсын жан бауыр,

Ағайын мен тұма, туыс дұғада!-дей отырып, Пәрімбекұлы Сәкеннің рухына бағыштап 7 маусым қонақ асы, 8 маусым жылдық асы Шолаққорған ауылы Б.Алтынсарин көшесіндегі өз шаңырағында өтетінін ағайын-туыс, құда-жекжат, бауырымыздың көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар: Махановтар отбасы.

Жарамсыз деп танылсын

Орынтай Кенжебек Нағашбекұлының иелігіндегі «Toyota Corolla» маркалы автокөлігінің «KZ 805 ASG/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Хабарландыру

«SozakOilandGas» «Созак Ойл энд Газ» АҚ-ы ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес, 10.07.2025 жылы сағат 15:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек ауылы, Сарыарқа көшесі н/з, мәдениет үйі ғимаратында «Sozak Oil and Gas» АҚ келісімшарттық аумағында сынамалық пайдалану кезеңінде «Аса», «Оппак», «Орталық», «Кендірлік», «Тамгалытар» кен орындарын орналастыру жұмыс жобасына ықтимал әсер ету туралы есепжобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты орган:

ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл.пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Жобалық құжаттама топтамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndecology.gov.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/> сайтында танысуға болады.

Zoom Конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/88252707530?pwd=6mwmlnRlvEjwFqOprlcRHCxlZc0WqN.1>

Конференция идентификаторы: 882 5270 7530 Кіру коды: 281896

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі электрондық мекен жай бойынша қабылданады a.erkebai@ontustik.gov.kz және <https://ndecology.gov.kz> сайтында.

Қосымша ақпаратты төмендегі электронды мекенжай бойынша алуға болады: Zh.kalemova@kaznigri.kz, тел.: 8(7122)763090-217.

Белгіленген қызметтің бастамашысы:

«Sozak Oil and Gas» АҚ

БИН/ИИН: 010740001351

Тел: +7 724 2605058

E-mail: altynbek.m@sog.kz

Жобаны жасақтаушы:

«КазНИГРИ» ЖШС

БИН 991240001478

Тел.: +7712276-30-90/91

E-mail: info@kaznigri.kz

Объявление

АО «SozakOilandGas» «Созак Ойл энд Газ»в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 10.07.2025 года в 15:00 по адресу Туркестанская область, Сузакский район, п.Кыземшек, ул.Сарыарқа б/н, здание дом культуры- состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектуОтчет о возможных воздействиях к рабочему проекту «Обустройство месторождений «Аса», «Оппак», «Орталык», «Кендирлик», «Тамгалытар» на период пробной эксплуатации на контрактной территории АО «Sozak Oil and Gas»

Орган, ответственный за координацию общественного слушания в форме открытого собрания:

МИОГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», эл.почта: a.erkebai@ontustik.gov.kz

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе: <https://ndecology.gov.kz> и на сайте: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/>

Ссылка на Zoom Конференцию:

<https://us06web.zoom.us/j/88252707530?pwd=6mwmlnRlvEjwFqOprlcRHCxlZc0WqN.1>

Идентификатор конференции: 882 5270 7530 Код доступа: 281896

Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний по электронному адресу a.erkebai@ontustik.gov.kz и на сайте <https://ndecology.gov.kz>

Дополнительную информацию можно получить по адресу: Zh.kalemova@kaznigri.kz, тел.: 8(7122)763090-217.

Инициатор намечаемой деятельности:

АО"Sozak Oil and Gas"

БИН/ИИН: 010740001351

Тел: +Тел: +7 724 2605058

E-mail: altynbek.m@sog.kz

Разработчик:

ТОО«КазНИГРИ»

БИН 991240001478

Тел.: +7712276-30-90/91

E-mail: info@kaznigri.kz

Инъекциядан кейінгі асқынулардың алдын алу

Қазіргі заманғы медицина саласындағы жетістіктердің, жаңа технологиялардың, тиімділігі жоғары бактерияға қарсы және дезинфекциялау құралдарын пайдалануды ұлғайтудың арқасында, медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекцияның алдын алу (МКБИ) проблемасы медициналық ұйымдардың бейініне қарамастан, олардың қызметінің неғұрлым өзекті бағыттарының бірі болып қала береді. Инъекциядан кейінгі асқынулар дәрі-дәрмектерді бұлшықет ішіне, көктамыр ішіне және тері астына енгізу нәтижесінде пайда болады. Сонымен, инфекциядан кейінгі асқынуларының этиологиясында инфекция қоздырғыштары енуінің екі негізгі жолы қарастырылады: бастапқы (экзогендік) және қайталама (эндогендік) инфекция. Инъекциядан кейінгі асқынулардың негізгі себептерінің бірі инъекция кезінде асептиканың бұзылуы болып табылады. Патогенді қоздырғышты инені, шприцті инъекция орнында, инъекция барысында инъекциялық

құралдарды жұқтырған тері нашар өңделген тіндерге енгізілуі мүмкін. Әріқарай, дәрі-дәрмекті дұрыс емес енгізу әдісі және инъекция орынын дұрыс таңдамау, қысқа инелерді қолдану, бұлшық ет ішіне енгізуге арналған дәрі-дәрмектерді тері астына енгізу, концентрацияланған және майлы ерітінділерді қолдану, көбінесе жұқтырған дәрі-дәрмектерден. Медициналық манипуляцияларды орындаудың санитариялық-эпидемиологиялық талаптары бұзылған жағдайда, инфекцияның артерицирланған берілу механизмі іске қосылуы мүмкін. Ауруханадағы әртүрлі инфекциялар арасында араласудың жоғары жиілігіне байланысты инъекциядан кейінгі асқынулар ерекше орын алады. Инъекциядан кейінгі асқынулар аз болуы үшін не істеу керек: медбике дәрі-дәрмектерді шатастырмауға, жақсы инъекцияға (мысалы, тамырға дәл тигізу) мұқият болуы керек; шығыс материалдарын, инъекция жүргізу, катетерлеу кезінде пайдаланылатын медициналық мақсаттағы бұй-

ымдарды сапалы дезинфекциялауды және стерильдеуді қамтамасыз ету; парентеральді манипуляциялар жүргізу кезінде антисептика мен асептиканы қатаң сақтау; ем шара, егу бөлмелерінің медициналық персоналдың қолдарын гигиеналық жуу техникасын және парентеральді инъекциялық манипуляцияларды жүзеге асыратын гигиеналық антисептиканы сақтау; инъекция алдында пациенттің терісін антисептикалық өңдеу; ем шара, егу, манипуляциялық кабинеттерде санитариялық-эпидемиологияға қарсы режимді сақтау. Емшара, егу, манипуляциялық кабинеттерде өндірістік-зертханалық бақылауды жүзеге асыру. Манипуляция кезінде асептиканы қатаң сақтау керек, бір рет қолданылатын шприцті қайта қолдануға жол берілмейді, қаптаманы инъекция алдында бірден ашу, ампуланың кесілген жерін немесе құтының қақпағын мұқият өңдеу, құралдың құлап кетуіне жол бермеу, ластанған заттарға тигізеу, бөлме таза болуы керек, дәрі-дәрмектерді енгізу бірқалыпты және тек бұлшық ет ішіне салынуы керек, иненің ұзындығы тері астындағы тіндердің қалыңдығына сәйкес келуі керек, дәрі-дәрмектерді қабылдау орындарын ауыстыру қажет.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері бұзған жағдайда 8-(725)-46-4-16-05 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі мемлекеттік мекемесі.

**Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының
басшысы.**

Созақтың тарлан тұлпары

Аудандық газеттің өткен санында атап өткендей Созақтың атын шығарған жерлестеріміз жайлы Қазақстанның Құрметті журналисі, «Молшылық үшін» газетінің ардагері Болат Шаймановтың «Созақтан шыққан саңлақтар» атты жинағы басыпаға жіберілді деген болатынбыз.

Иә, өткен тарихымызды бағамдай отырып, бүгінгімізді саралағанда байқалатыны, қолдағы алтынды дер кезінде қадірлесек қана ол жарқырап, айналаға нұрлы сәулесін шаша бастайтыны ежелден мәлім.

«Созақтан шыққан саңлақтар» атты кітапта жерлес тұлғаларымыздың өнегелі өмір жолдары мен елеулі еңбектері және де ел абыройына бөленген шақтары жан-жақты баяндалған. Ендеше газет оқырмандарына алғаш ұсынарымыз, Созақтың асыл сынығы, әдебиет әлемінде өзін талайларға мойындатқан, оқырмандары іздеп жүріп оқитын заңғар жазушымыз Асекең, Асқар Сүлейменовтің өмір жолы, шығармашылығы, тұлғалық, адами қасиеттері жайлы эссе-міздің газетке ықшамдалып, қысқартылған нұсқасы болмақ.

Мен Асекең, Асқар Сүлейменовпен ең алғаш рет сол кездегі «Жар-төбеге» совхозының директоры, жездем Өміртай Исаевтың үйінде кездесіп, танысып, кеңінен сұхбаттасқан едік. Ол кезде мен Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы С.М.Киров атындағы) журналистика факультетінде оқитын едім. Жазғы демалысқа Шолаққорғандағы үйіме келген кезім еді. Бір күні таңертең ертелеп Өміртай жездем үйге келіп, сен де жазумен айналысып жүрген болашақ журналиссің ғой, жүр мен сені Алматыдан келген жазушы досыммен таныстырайын деп «Жартытөбеге» ертіп әкелді.

«Сол үйде Асекеңмен Мейрамкүл әпкем жайған кең дастархан басында әдебиет, мәдениет, өнер жайлы ұзақ әңгіме қозғалды. Қазақ жазушылары арасынан 60-70 жылдары әдебиетке келген өз қатарластары арасынан Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Мұқағали Мақатаевтардың есімдерін ризашылық сезімен жиі ерекше атап айтып отырды. Мен сол кезде-ақ таланттың таланттарды танып, мойындап, қадір тұтып, қастерлеуі қандай ғажап деп ұғынған едім.

...Жазғы демалысым бітуге таяп, Алматыға қайтар кезімде Өміртай жездем үйге келіп, мынау Асқар аға деген сәлемдеме еді. Өткен жолы ол Шымкентте бір-екі күн аял-



даймын деген соң, жолшыбай көтеріп жүре қоймас деп өзіне беріп жібере алмаған едім. Үйіне апарып бере саларсың деп, үлкен қол сөмкені қолыма ұстатты. Ауылдың сәлем-сауқаты екенін аңғардым. Салмағы біршама екен.

Поездан түсе салысымен Асекеңнің үйіне келдім. Сыртқы есіктің жоғарғы жағындағы қоңырау нүктесін басысымен арғы жақтан өзімнің Аманкөз апамнан аумамайтын Қымбат апа есікті ашты. Төрлет балам, деді мейірімді үнімен.

-Жоқ апа! Созақтағы Өміртай балаңыз беріп жіберген мына сәлемдемесін беріп кетейін деп едім.

-Ой, балам-ау, өзің ұзақ жолдан келдің. Шай ішеміз. Қазір Асқар аға да келіп қалады. Досының сәлемдемесін өзі қолына табыстағаның дұрыс болады деді өтініш кейіпте.

Шай үстінде Қымбат апа, Созақ елі аман ба? Өміртай балам Мейрамкүл келіп, балалар қалай, аман-есен ба?-деп сұрастырып алды. Қымбат апаны Асқар ағаның Айтотым деп атайтынын Мейрамкүл әпкемнен бұрынырақ естігенім барды, енді жолым түсіп, адамдығына қылау жұқтырмаған асқақ Асекеңнің Айтотым анасының қолынан шай ішіп отырғаныма іштей қуандым да.

Айтотым апа өте жайдары, сөзге ұста, қонақжай кісі екен. Әңгімешіл апаның Асқар баласы туралы мақтанш сезіммен айта бастаған әңгімелері жаныма майдай жағып, ұйып тыңдап отырмын.

-Асқардың кіндік қаны тамған жер Түркістан маңындағы Шорнақ деген елді мекен болатын. Әкесі Сүлеймен 1942 жылы соғысқа аттанғанда Асқарым үш жаста, қарындасы Жұлдызай үш айлық еді. Отағасы сол кеткеннен майданнан оралмады. Сұрапыл соғыстың кесірінен 24 жасымда екі баламен жесір қалдым. Ендігі бар ой-арман, мақсатым екеуін қатарларынан кем қылмай тәрбиелі, білімді азаматтар қатарына

Эссе

қосу болды.

Асқарым бала кезінен өте зерек, алғыр болып өсті. Ол төртінші сыныпқа көшкен жылы нағашы жұртына, Шолаққорғанға қоныс аудардық. Балам бірінші сыныптан газет оқи бастап еді, өсе келе кітаптан бас алмайтын болды. Дорба сөмкесі үнемі кітапханадан алған кітаптарға толып жүретін. Кітапханадағы бар кітапты оқып тауыстың ба,- деп күлетінмін.

Мектепті осы Өміртай жездеммен бірге бітірді. Екеуі де Алматыға оқуға түсіп, студенттік шақтарын да бірге өткізді.

Осылай қызу әңгімеге елітіп отырғаныма, есіктің қоңырауы қағылды.-О,Асқарым да келді-деді Айтотым апа. Мен есікті ашып, Асекеңмен қос қолдап амандастым.-Оу, сен өзі Созақсың ба, қазақсың ба?-деді Асекең қуақы күлкісімен амандаса тұрып. Екеуімің де ғой аға дедім мен де ағама еркелегендей кейіпте. -Иә, дұрыс айтасың, болашақ журналист мырза, деді тағы да әуелгі әзіліне басып.

-Ал, айта бер, Созақ елі, анау менің директор досым, Мейрамкүл әпкең, балалар аманшылық та ма?

-Аманшылық аға! Бәрі сәлем айттып жатыр. Мына сәлемдемелерін де сіздерге беріп жіберіп еді-деп қол сөмке жақты нұсқадым.

-Оу, мынау дәу сөмкең қомақты көрінеді. Ішінде біраз дүние бар-ау шамасы деп тағы әзілге басты ағам.

Сонымен сәлемдемені тапсырып, енді жатақханама баруға жиналдым.-Оу, қонып кетсейші деген апа мен ағаға, сабағым ертең ерте басталады, тағы бірде арнайы қонуға келермін деп қимай қоштастым.

Асқар аға, Өміртай жездем екеуі түйдегі құрдас еді. 1938- жылдың тумалары. Екеуі де менен 10 жас үлкен. Асекең Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітіріп, оның аспирантурасында да оқыған, «Жұлдыз» журна-

лында, «Қазақ әдебиеті» газетінде, Қазақстан жазушылар одағында, «Парасат» журналында, «Қазақфильмнің» сценарилік бөлімінде қызмет етті. М.Әуезов атындағы қазақ драма театрында әдебиет бөлімін басқарды.

Асекең өзінің «Бесін» атты кітабымен ерекше өріс ашқан, әдеби қауымды елең еткізген қаламгер. Сол кезеңде қазақ әдебиетінің келешегін көздеген Фабең, Фабит Мүсірепов «Қазақ әдебиеті» газетінің 27.10.1970 жылғы санында «Кітап аты-«Бесін» авторы Асқар» деген тақырыппен көлемді, танымдық, шыншыл да өткір мақаласын жариялап, жазушының шын талант екенін мойындай отырып, Созақтың саңлақ перзентіне ағалық ақ батасын берген еді. Одан бері де 55 жыл өтіпті. Фабекең шын көреген екен. Ағасының ақ батасын текті інісі де ақтай білді.

Қушық жақ, орақ мұрын, кең маңдайлы Созақтың таланттың сөз арасын арам сөзбен былғамайтын кірпияздығына, жазу стиліне, тың ұғымды жаңашыл тіркестеріне сол кездегі замандас жазушылардың көпшілігінің тамсанып, таңдай қаққандарының да өзіміз сол жылдары куәсі болған едік.

Шындығында ошақтың үш бұтындай «Бесатар» повесімен «Ақ кемпір, «қара шал» әңгімелерін оқысаңыз. Ықыластың көне қобызы жаңаша боздап, Абайша «қалың елім, қазағым қайран жұртым»-деп егіліп тұрғандай әсерге бөленеріңіз хақ. Асекеңнің терең ойын ұғыну үшін жан қынап, ми тербеп оқымасаңыз бірден түсіне қою қиын-ақ. Жазушы-драматургтың «Кек» деп аталатын кітабы да қазақ оқырмандарының іздеп жүріп сүйсініп, сағына оқитын кітабына айналды. Қазақ кино өнеріне де қомақты үлес қосқан қаламгер «Ас» кинофильмінің сценарийін жазып, оның түсірілу барысында өзі кеңесшілік етті.

Еуразиялық кентавр, қазақ әдебиетіндегі бірігей ірі тұлға А.Сүлейменовтің «Қыздай жесір», «Төрт тақта жайнамаз», «Жетінші палата», «Ситуация», «Адасқақ» тағы да басқа көптеген кітаптары өзінің сүйікті оқырмандарына қалдырған алтын қазынасы.

-Сондай-ақ «Асқар айтты» деген әзіл-қалжың юморға толы бір атар ұтқыр сөздері мен терең ойлы бесатар лебіздерін жинақтаса бұл күнде өз алдына тағы да бір кітап болар еді.

Ұлағатты да өнегелі әкенің артында үш тұяқ қалды. Ер жеткен ұлы Әлішер мен қыздары Қаракөз бен Әсманың әкелерінің асқақ армандарын асқақтата берері даусыз.

Асекең, Асқар Сүлейменов өз «Мен»-ін қорғап қаза тапқан білімі терең, ойшыл қаламгер. Өзі өміріне сүйетін қарт Қаратаудың шертпе күйінің бірігей шебері Сүгірдің қара сөздегі жалғасындай еді. Фабең таныған талант Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Асекеңнің атында Шымкентте көше бар. Созақ ауданындағы бір мектептің аты да Асқар Сүлейменовтің атымен аталады. Бейіті Алматыдағы зиратта.

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисті.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.